ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ТУРИЗМ БАСҚАРМАСЫ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

АКИМАТ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА И ТУРИЗМА КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

« 11 » шілде 2019 ж./г.

№ 31 – Ө

Қызылорда қаласы

город Кызылорда

Басқарманың ашық электронды конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңдарына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінің:

1) «Өзіңе сене баста!» мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлерге арналған II-ші конкурс-көрмені ұйымдастыру және өткізу қызметі бойынша ашық электронды конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды қайта өткізу туралы» 2019 жылғы 3 шілдедегі № 26-Ө;

2) «Ауылдық елді мекендердің жас кәсіпкерлері» форумын ұйымдастыру және өткізу қызметі бойынша ашық электронды конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды қайта өткізу туралы» 2019 жылғы 3 шілдедегі № 25-Ө;

3) «Облыс әкімінің бизнес қауымдастығымен кездесуі» жиналысын ұйымдастыру және өткізу қызметі бойынша ашық электронды конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды қайта өткізу туралы» 2019 жылғы 2 шілдедегі № 24-Ө бұйрықтарына келесідей өзгерістер енгізілсін:

аталған бұйрықтардың № 1-қосымшаларымен бекітілген конкурстық комиссиялардың құрамдары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа құрамда бекітілсін.

2. Әкімшілік-құқықтық жұмыстар бөліміне осы бұйрықтан туындайтын шараларды атқару тапсырылсын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Негізі: Басқарма басшысының 2019 жылғы 1 шілдедегі № 23-Ж және 9 шілдедегі № 28-Ө бұйрықтары.

Басқарма басшысы **Ф. Қожабергенов**

Қызылорда облысының кәсіпкерлік
және туризм басқармасының
2019 жылғы «11» шілдедегі
№ 31 - Ө бұйрығына қосымша

«Өзіңе сене баста!» мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлерге арналған
II-ші конкурс-көрмені ұйымдастыру және өткізу қызметі бойынша
конкурс тәсілімен электронды мемлекеттік сатып алуды
өткізудің конкурстық комиссияның құрамы

Мұстафаев Ғалымжан Әлиакбарұлы	-	басқарма басшысы орынбасарының уақышта міндетін атқарушы, конкурстық комиссия төрағасы;
Әбдірахман Мағжан Жомартұлы	-	әкімшілік-құқықтық жұмыстар бөлімінің штаттан тыс қызметкер - әдіскері, конкурстық комиссия хатшысы;

Конкурстық комиссияның мүшелері:

Прназарова Венера Алиқызы	-	әкімшілік-құқықтық жұмыстар бөлімінің бас маман-бас есепшісі;
Сейдалиева Мәуе Оңдалықызы	-	бизнесті дамыту және қолдау бөлімінің басшысы;
Ширинбеков Нұрлан Полатханұлы	-	бизнесті дамыту және қолдау бөлімінің бас маманы;
Жетілгенов Мұхтар Әбдімаратұлы	-	бизнесті дамыту және қолдау бөлімінің бас маманы.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ТУРИЗМ БАСҚАРМАСЫ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

АКИМАТ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА И ТУРИЗМА КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

« 1 » шілде 20 19 ж./г. № 23 – Ж

Қызылорда қаласы

город Кызылорда

А. Досжановтың пайдаланылмаған еңбек демалысының күндерін беру туралы

«Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы 95–бабының 2–тармағына және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңының 54-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы басшысының орынбасары Досжанов Азамат Максутовичке кері шақыртып алуға байланысты 2018-2019 жылдар аралығы мерзімінде қызмет атқарған уақытына ұсынылған кезекті ақылы еңбек демалысының пайдаланбаған күндерінің есебінен 2019 жылдың 1 шілдесінен бастап, 3 тамызды қоса есептегендегі аралықта 33 күнтізбелік пайдаланбаған күндері берілсін.

Жұмысқа шығу мерзімі: 2019 жылғы 5 тамыз.

2 Әкімшілік-құқықтық жұмыстар бөліміне осы бұйрықтан туындайтын шараларды атқару тапсырылсын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Негізі: А. Досжановтың өтініші.

Басқарма басшысы **Ф. Қожабергенов**

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

"ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ТУРИЗМ БАСҚАРМАСЫ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

АКИМАТ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА И ТУРИЗМА КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«24» маусым 2019 ж./г.

№ 17 – Ж

Қызылорда қаласы

город Кызылорда

Д. Болатбековке кезекті еңбек демалысын беру туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңының 54-бабына және «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары Болатбеков Дінмұхамед Сағатбекұлына белгіленген кестеден тыс 2018 жылғы қыркүйек айы және 2019 жылғы ақпан айы аралығында қызмет атқарған уақытына өз өтініші негізінде ақылы еңбек демалысы бөліктерге бөлініп ағымдағы жылдың 8 шілдесінен бастап, 21 шілдені қоса алғанда 14 күнтізбелік күндер берілсін.

2. Д. Болатбековке сауықтыру үшін екі лауазымдық жалақы және экологиялық бір лауазымдық жалақы мөлшерінде жәрдемақы төленсін.

3. Басқарма басшысының орынбасары Д. Болатбековке ұсынылған еңбек демалысы кезеңіне тапсырылған, жүктелген жұмыстар, тапсырмалар, хаттар бойынша жауапты болып басқарма басшысының орынбасары А. Досжанов белгіленсін.

4. Әкімшілік-құқықтық жұмыстар бөліміне осы бұйрықтан туындайтын шараларды атқару тапсырылсын.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жұмысқа шығу мерізімі: 2019 жылғы 22 шілде.

Негізі: Д. Болатбековтың өтініші

Басқарма басшысы **Ф. Қожабергенов**